



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 1 наурыз

Ұлттық Банк басшысы ақпандағы теңгенің нығаюына түсініктеме берді

Ақпанда валюта нарығында теңге позицияларының нығаюы байқалды. Бір ай ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы 3,5%-ға, ал жылдың басынан бері 6,2%-ға нығайды. Ақпанның соңында қалыптасқан бір АҚШ доллары үшін 312,76 теңге болған бағам 2015 жылғы желтоқсанның екінші жартысынан бастап ең жоғары мән болып табылады. Бұл туралы бүгін ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев ақпанның алдын ала қорытындыларына және валюта нарығындағы жағдайға арналған, БАҚ үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде хабарлады.

«Іргелі факторлардың серпіні және бірінші кезекте мұнайдың әлемдік бағасы теңгенің нығаюы пайдасына куәландырады. Олардың деңгейі бір баррель үшін 55 АҚШ долларынан жоғары тұрақтандырылды, оған, белгілі болғандай, ОПЕК елдерінің және басқа мұнай өндіруші елдердің жасалған уағдаластықтары нәтижесінде мұнай өндіруді шектеу ықпал етті», – деді Д. Ақышев. Ол Ұлттық Банктің деректерін келтірді, оларға сәйкес Ресей рублі осы аяда ақпанда бір АҚШ доллары үшін 60,2 рубльден 57,9 рубльге дейін 3,7%-ға нығайды.

Ұлттық Банк басшысы сондай-ақ ақпанның екінші жартысынан бастап валюта нарығындағы шетел валютасы сұранысы мен ұсынысының арақатынасына ненің әсер еткенін түсіндірді. Оның айтуынша, бұл маусымдық фактор – «салықтық апта». «Экспортер кәсіпорындар валюталық түсімнің бөлігін салық төлемдерін төлеу үшін сатты, бұл шетел валютасының ұсынысында көрінді және қалыпты сұраныстың аясында түпкілікті нәтижесінде теңгенің қосымша нығаюына ықпал етті, – деді Д. Ақышев. – Ақпанның соңғы күндерінен көрініп тұрғандай, «салықтық апта» аяқталғаннан кейін теңге бағамы біршама түзетілді. Белгілі бір түзету наурызда да болуы мүмкін, алайда мұнайға әлемдік бағалардың қазіргі деңгейі «мықты» теңгені қолдайды, ал бағамның нығаю не әлсіреу жағына қарай күрт өзгеруі екіталай.

Д. Ақышев – теңге бағамының қалыптасуына ықпал ететін факторлар туралы

Теңгенің өзгермелі айырбастау бағамы режимі айырбастау бағамының бір сәтте және айтарлықтай өзгеруі, яғни девальвацияның болуы ықтималына және мүмкіндігіне толық жол бермейді. Бұл туралы бүгін Алматы қ. ақпараттық агенттіктер үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеді. Оның айтуы бойынша, «теңге бағамы күн сайын көптеген факторларға байланысты өзгеріп отырады және, тиісінше, шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныстың арасында тепе-теңдікті сақтайды». Д. Ақышев атап өткендей, болашақта теңгерімсіздіктің жинақталуы және теңгенің айырбастау бағамын күрт түзету қажеттілігі болмайды.

«Біздің бір жылдан астам уақыт бойы еркін өзгермелі режимі жағдайында тұрып жатқанымызды түсіну маңызды. Ұлттық Банк айырбастау бағамына және оның серпініне қандай іргелі факторлар және қалай ықпал ететінін түсінеді. Алайда, жекелеген кезеңдерде бағамның қалыптасуына басқа да факторлар әсер етеді», – деді Д. Ақышев.

Қолма-қол шетел валютасы нарығында халықтың шетел валютасын сатып алуы көлемдерінің біртіндеп төмендеу үрдісі байқалады, – деп толықтырды ол. «Қаңтардың қорытындысы бойынша халықтың қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алуы алдыңғы аймен салыстырғанда 44%-ға, ал 2016 жылғы қаңтармен салыстырғанда 5%-ға төмендеп, 202 млн. АҚШ долларын құрады», – деп хабарлады Ұлттық Банк басшысы брифинг қатысушыларына.

ABP ақпанда өсті – ҚР Ұлттық Банкі

Алдын ала деректер бойынша алтынвалюта резервтері бір айда 1,1%-ға өсіп, ақпанның соңында 29,9 млрд. АҚШ доллары болды. Бұл жөнінде бүгін ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласында БАҚ-қа арналған брифингте сөз сөйлегенде хабарлады.

«Ұлттық қордың активтерін (63,1 млрд. АҚШ доллары) қоса алғанда, елдің халықаралық резервтерінің жалпы сомасы 93 млрд. АҚШ долларына жетті», – деп қаржы реттеушісінің деректерін келтірді.

Д. Ақышев атап өткендей, алтынвалюта резервтерін сақтауға Ұлттық Банктің бағамды белгілеуге араласпау саясаты мүмкіндік береді. «Ұлттық Банк жарты жыл ішінде валюта нарығында өктемдік жүргізген жоқ, яғни теңге бағамы нарық талаптарымен айқындалады», – деп атап өтті Д. Ақышев.

2017 жылы жылдық инфляция 6-8% дәліз ішінде қалыптасатын болады – Д. Ақышев

Жылдық инфляция 6-8% нысаналы дәліз шегінде тіркелді және күйзелістер болмаған кезде 2017 жыл бойы оның ішінде қалатын болады. Бұл жайлы бүгін ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев ақпараттық агенттіктерге арналған брифингте сөйлеген сөзінде хабарлады.

Ұлттық Банктің басшысы инфляция қарқындарының баяулағандығын және инфляциялық күтулердің төмендегендігін атап өтті. Ол халықтың инфляциялық күтулерін бағалау нәтижелерін келтірді. Мәселен, оның айтуынша, инфляциялық күтулерді алдағы бір жылға қатысты сандық бағалау қаңтарда 6,6%-ды құрады. «Бұл цифр халықтың күтулерінің нысаналы дәліз ішінде қалыптасатындығын көрсетеді және олар қаңтарда инфляцияның нақты мәнінен төмен деңгейде тіркелді. Бұл ретте жоғары инфляцияны күткен респонденттердің үлесі өткен жылдың ортасынан бастап ең төменгі мәнге дейін азайды», – деді Д. Ақышев.

Базалық мөлшерлеменің төмендеуі ақша нарығының мөлшерлемелерін түзетуге әкелді – Д. Ақышев

Базалық мөлшерлеме төмендегеннен кейін ақша нарығының мөлшерлемелері тиісті түрде түзетілді. 2017 жылғы 28 ақпанда бір күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлеме 10,17%, қаңтардың соңында – 11,33% болды. Бұл туралы бүгін ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қ. ақпараттық агенттіктерге арналған брифингінде

сөйлеген сөзінде хабарлады.

«Инфляцияны 8%-дан төмен деңгейде тұрақтандыру Ұлттық Банкке базалық мөлшерлемені 11%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізу және макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету арасындағы ұзақмерзімді тепе-теңдікті көрсетеді», – деп атап өтті Д. Ақышев.

Оның айтуынша, базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі ресурстардың арзандауын қамтамасыз етуге тиіс және кредиттеудің ұлғаюына себепші болады.

Д. Ақышев: «Ақша нарығында артық теңге өтімділігі сақталып отыр»

Ақша нарығында артық теңге өтімділігінің сақталып отыруына байланысты Ұлттық Банк оны негізінен қысқамерзімді ноттарды орналастыру арқылы алуды жалғастырып отыр. Бұл жөнінде бүгін БАҚ үшін Алматы қаласында өткен брифингте ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев сөз сөйлеген кезде хабарлады.

«2017 жылғы ақпанда 1 жылдық айналыс мерзімі бар ноттарды орналастыру бойынша биыл екінші аукцион өтті. Осы құралдарға ұсыныстан 3 есе артық жоғары сұраныс сақталып отыр», – деп хабарлады Д. Ақышев.

Д. Ақышев мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығын қалпына келтіру байқалатындығын атап өтті. «Пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық құрылымы нарық қатысушыларының күтулеріне барабар қалыптасып отыр. Ортамерзімді кезеңге дейінгі кірістілік қисығын құру бойынша Ұлттық Банктің шаралары Қаржы министрлігіне ортамерзімді қарыз қаражатын тарту құны бойынша бағдар беруге мүмкіндік берді. Жылдың басынан бері Қаржы министрлігі 168,8 млрд. теңге жалпы сомаға, оның ішінде ақпанда – 96,8 млрд. теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырды», – деп атап өтті қаржы реттеушісінің басшысы.

Долларсыздандыру процесі жалғасуда – Д. Ақышев

Депозит нарығында валюталық салымдар үлесінің төмендеуі жалғасуда. Бұл туралы бүгін ақпараттық агенттіктерге арналған брифингте сөйлеген сөзінде ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Ол 2017 жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша шетел валютасымен депозиттердің үлесі 53%-ға жеткенін айтты. Жеке тұлғалар салымдарының құрылымында шетел валютасымен депозиттердің үлесі 60,2%-ға дейін, заңды тұлғалардыкі 47,3%-ға дейін төмендеді. Жалпы алғанда депозиттер көлемі 17,5 трлн. теңге болды.

«Банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 2017 жылғы қаңтардың соңында 12,5 трлн. теңге болды, бұл ретте қаңтарда банктердің белсенділігінің маусымдық төмендеуі байқалды. Егер жаңа кредиттерді беру желтоқсанмен салыстырғанда қысқарса, өткен жылғы қаңтармен салыстырғанда (яғни маусымдықты есептемегенде) 25,3% теңгемен кредиттер есебінен 15,6%-ға өсті. Бұл ретте, шағын кәсіпкерлікке берілген теңгемен жаңа кредиттердің көлемі 2 есе ұлғайды, (25 млрд теңгеден 50 млрд. теңгеге дейін)», – деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz